

БӨЛІМ: ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ

Ақыл-парасат, ерік-жігер және жүрек

ЖАРИЯЛАНДЫ
24.10.2018

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/43422/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Сабақтың тақырыбы: Ақыл- парасат, ерік-жігер және жүрек № 1 сабақ

Құндылық: «Сүйіспеншілік» Қасиеттер: бәрін жақсы көру.

Мұғалімі: Самадинова Б.Н

Сынып - 7

Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер: Топтық жұмыс, тыныштық сәті, дәйексөз, әңгімелесу, шығармашылық жұмыс.

Модульдердің кіріктірілуі: Сыни тұрғыдан ойлау, оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, АКТ-ны пайдалану, бағалау.

Оқып үйренудің нәтижесі: оқушылардың адам туралы, олардың мүмкіндіктері туралы түсініктері дамиды.

Сабақтың мақсаты: — ақыл-парасат, ерік-жігер және жүрек тәрбиесі туралы түсінік бере отырып, сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу.

Сабақтың міндеттері: : — ақыл, қайрат, жүрек тәрбиесін сүйіспеншілік құндылығымен байланыстыра отырып үйрету;
 — адалдық, жауапкершілік қасиеттерін дамыту ;
 — айнала қоршаған ортаны құрметтей отырып, адал, жауапкершілікті болуға тәрбиелеу.

Плакат, маркер, үлестірме қағаз.

Сабақтың барысы: а) Ұйымдастыру кезеңі.

— оқушылармен сәлемдесу.
 — сынып тазалығына көңіл бөлу
 — оқушыларды түгендеу. (топтарға бөлу)
Тыныштық сәтін. «Нұрға бөлену» баяу әуен тыңдау арқылы.

Сабақ барысын талқылау, топқа бөлінеді. (Тәртіп, талап, тазалық, тыныштық, татулық) сақтау керектігін еске түсіру.

<p>3. Дәйексөз: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек»- деген Абайдың қара сөзін оқушылар назарына ұсыну және жаттау. Жұмыс дәптерге жаздыру. — Дәйексөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?</p>	<p>Абайдың қанатты сөзін оқу арқылы дәйексөздің мағынасын ашу.</p> <p>АКТ-ны пайдалану.</p>
<p>4. Әңгімелесу (сұхбат) Оқулықта берілген Абайдың Он жетінші қара сөзін оқушыларға таныстыру. Қорыту: — Автор қайрат, ақыл, жүректің ерекшеліктерін қалай жеткізген? — Мәтінде ғылымның «жүрекке билет» дегенінің мағынасын қалай түсінесіңдер? — Абай қандай адамды «қасиетті адам» дейді? Неліктен? — Тағы қандай қасиеттерді «жүрекке билетуге» болады деп ойлайсыңдар?</p>	<p>Абайдың қара сөзін оқу арқылы сабақты аша түсу.</p>

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.